


ISSN 0132 - 6155.



СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

5. 2006

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰҒАТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

5 (159)

ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАН 2006
СЕНТЯБРЬ – ОКТЯБРЬ 2006

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ
НАН РК

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

М. А. ТАШКИНОВ

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ ПРИНЦИПТЕРІ (НЕМИС, ОРЫС, ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Фразеологизмдерді аударуға арналған арнайы әдебиеттерді зерттеу барысында аударманың төмендегідей түрлерін кездестірдік. Олар: фразеологиялық аударма және фразеологиялық емес аударма.

Фразеологиялық аударма деп бір тілдің тұрақты сөз тіркестерін екінші бір тілге сол тілдің фразеологизмдерімен аударуды айтамыз. Мұндай аудармада фразеологиялық сәйкестіктер толық және абсолютті эквиваленттерден бастап, жорамал түрде сәйкес фразеологизмдерге дейін қолданылады.

Фразеологиялық емес аударма деп фразеологиялық емес құралдар арқылы жасалынатын тәржіма түрін айтылады. Мұндай кезде, әдетте лексикалық балама, калька, сипаттама, түйдектелген (комбинированный перевод) аударма тәсілдері қолданылады. Аударманың мұндай түрі фразеологиялық сәйкестіктердің ешбір түрін таппаған кезде ғана пайдаланылады. Фразеологиялық емес эквиваленттермен аудару түрін қолданған кезде, контекстің компенсациялық мүмкіншіліктерін ескерген жағдайда да кейбір кемшіліктер бой алады. Ол кемшіліктерге — бейнеліктің, экспрессивтіктің, коннотацияның, мағынаның реңкінің жоғалуы жатқызылады [1,193].

Сонымен қатар, аудар тәжірибесінде **контекстуалды аударма тәсілі** де кездеседі. Бұл тәсілді А.В.Кунин “обертоналды аударма” (обертональный перевод) — деп қолданса, Я.И.Рецкер “контекстуалды алмастыру” деген атау береді. Ал С.Влахов пен С.Флорин контекстуалды аударманы тәржіманың жеке түрі ретінде қарастырмайды. Себебі, ол әр кез аударма түрлерінің біреуінің қатарында қолданылып, кей жағдайларда бірлік өзінен-өзі жоғалып кететін кездерде нөлдік аударма (нулевой перевод) түрінде іске асады.

Ю.М.Катцер мен А.В.Куниннің ішінара аудармасы моноэквивалентті және еркін аударма түрлеріне қарсы қолданылады [4,96]. “Бұл тұрғыдан аударманың осы түрі өзін ақтайды” деп жазды С.Влахов және С.Флорин. Себебі, авторлар аударманың мұндай түрін біраз басқаша қарастырады. Оны тұрақты сөз тіркесін мүмкін болған фразеологизмнің бір синонимімен аудару ретінде емес, біраз кең түрде — жалпы аударма-

ның және кез келген тұрақты тіркесті аударудың болмай қоймайтын (неизбежный) бастапқы кезеңі деп қарастырады. Эквивалент тандағанда сөздіктерде берілген сәйкестіктерді, бірінші кезекте, варианттарын, дәлірек айтсақ, синонимдерімен көпмағыналы фразеологизмнің мағынасына жақын болған түрлерін алады.

Аналог фразеологизмдермен аудару тәсілі — деп салыстырылып жатқан тілдегі фразеологизмнің мағынасына қарай негізгі тілдегі фразеологизмге барабар, бірақ одан өзінің бейнесінің біраз немесе толығымен өзгеше болатын фразеологизмді айтамыз. Мұндай кездерде аналог сәйкестіктердің алдына шамалы барабар белгісі қойылады. Мұндай сәйкестіктерді фразеологиялық сөздіктерде жиі кездестіруге болады. Мысалы, *a drop in bucket ≈ капля в море, a fly in the ointment ≈ ложка дегтя в бочке меда, it is raining cats and dogs ≈ льет как из ведра; Gurkenhandel auf! ≈ кончай базар!, sich seiner Haut wehren ≈ показывать зубы (или когти); возжа под хвост попала ≈ поймава-сига курт тушди, как две капли воды (похож) ≈ бир олманинг ики палласидай*. Зерттеу жұмысымыздың барысында біз мынадай аналог баламаларды анықтап, оларды көптілді фразеологиялық сөздігімізде береміз:

нем. **Bildschönes Mädchen**

қаз. ай десе аузы бар, күн десе көзі бар

орыс. писаная красавица;

түр. ау рагасә; dolun ay. Немесе,

нем. **sich in j-s Vertrauen einschleichen**

қаз. іші-бауырына кіру

орыс. лезть в душу

түр. dal kavukluk уармак; yalakaләк уармак.

Суреттеме аударма (немесе, түсініктеме беру) — деп негізгі тілдің фразеологизмінің мағынасын аударылып жатқан тілге қара сөзбен аудару тәсілін айтамыз. Суреттеме аударма аударылып жатқан тілде эквиваленттер мен аналогтар болмаған жағдайда ғана қолданылады. Суреттеме аударма — түсініктеме, салыстырма, сипаттама, түсіндірме сияқты фразеологизмнің мазмұнын мүмкіндігінше анық және қысқа пішінде беру амалдары болып табылады. Аударманың бұл түрін пайдаланғанда фразеологизация жасауға және коннотативтік мағынасына талпыныс болады. Аудар-

маның суреттеме беру тәсілін В.В.Виноградовтың еңбектерінде “дескриптивті тәсіл” ретінде кездестіреміз. Суреттеме немесе түсіндірме беру әдісі аударылуы керемет қиындық туғызатын фразеологизмдердің мазмұнына мүмкіндігінше анық және қысқа пішінде қарапайым түсініктеме немесе анықтама беру арқылы іске асады.

Суреттеме беру тәсілі аударманың өте қолайлы тәсілдерінің бірі. А.В.Кунин сөзімен айтқанда — суреттеу немесе (дескриптивті) түсіндірмелі аударма терминологияға бай мәтіндерді аударуға өте қолайлы тәсіл. Бірақ, мұндай жағдайда фразеологизмдердің денотативтік мазмұны сақталғанмен, оның бейнесі мен стилистикалық ерекшеліктері сақталмайды. Аударманың бұл түріне біз сөздігімізде төмендегідей мысалдарды қолданамыз.

“**der Tante-Emma-Laden**” — иесінің өзі сатушының қызметін атқаратын кішкентай дүкен.

“**Gruss an Onkel Otto**” — сөзбе-сөз: “Отто ағайға сәлем!” Бұл тұрақты сөз тіркесі — көрермендер арасынан біреу телеэкран жаққа қолын бұлғап жатқан кезде ғана айтылады.

Калькалау тәсілі — деп фразеологиялық аударманы мүлде қолдануға келмейтін жағдайда және фразеологизмнің мағыналық-стилистикалық және экспрессивті-эмоционалды мағынасын толық бере алмайтын кезде, оқырманға тұрақты сөз тіркесінің бейнелік негізін жеткізу мақсатында пайдаланылады.

Калькалаудың алғышарттары ретінде фразеологизмнің мағынасының оның компоненттерінің мағыналарымен жетерлі дәрежедегі дәлелдігі болып саналады. Дәлірек айтатын болсақ, калькалауды оқырманға бәтін фразеологизмнің нағыз мазмұнын тек сөзбе-сөз аударма (оны құрайтын компоненттердің мағынасын емес) арқылы бере алатын жағдайда қолданамыз. Бұндай тәсілді, С.Влахов пен С.Флориннің пікірінше, біріншіден, бейнелі фразеологизмдерді, негізінен метафоралығын таза сақтап қалған фразеологизмдер; екіншіден, кейбір мақал-мәтелдерді; үшіншіден, аударылып жатқан тілде сөйлейтін кісі оларды дұрыс қабылдайды деп сенетін жағдайда кейбір тұрақты сөз тіркестерді аударғанда пайдалануға болады.

Сонымен қатар, калька “семантикалық эквивалент” негізгі фразеологизмнен өзінің колоритіне қарай өзгеше көрінген кезде немесе бейненің “жанданған” кезінде қолданылады.

Метафоралық бірліктерді калькалауда, — деп жазады С.Влахов пен С.Флорин, оқырманның фразеологизмдегі бейнені көруіне мүмкіндік туа-

ды. Мысалы, Г.Л.Пермяковтың сөздігінде орыс тілінің мақал-мәтелдеріне түсініктеме, сипаттама және неміс тіліндегі, егер болса, эквивалент беріледі. Сонымен бірге, әр бірлікке иллюстрация да қоса берілген. Мысалы, орыс тілінің “Повторение — мать учения” мәтелі неміс тіліне сөзбе-сөз аударылып берілген, оған мысал көрсетілген және немісше вариантымен — “Widerholung heisst lernen / Übung macht den Meister” толықтырылған. Сонымен қатар, “А” әрпі жазулы қағазды бір қолымен ұстап, екінші қолын жоғары көтеріп бір қызды үйретіп тұрған қарт әйелдің суреті бейнеленген [9,76].

М.Дубровин мен В.Шенктің фразеологиялық сөздігінде орыс тілінің фразеологизмдері неміс тіліне аударылып, түсініктемелер беріліп, олардың транскрипциясы көрсетіліп, әр фразеологизм екі суретпен бейнеленген. Бірінші суретте фразеологизмнің тура мағынасы бейнеленсе, екіншісінде — оның фразеологиялық мағынасы (бейне) көрсетілген. Мысалы, орыс тілінің “между молотом и наковальней” фразеологизмі былайша бейнеленген: бірінші суретте балға мен төстің (ұстаның темір соғатын құралы) арасында шегенің тұрғанын көрсек, ал екінші суретте қасқыр мен аңшының ортасында тұрған қоянды көруге болады [8.29]. Екінші иллюстрацияланған мысалда калькалау барысында метафора түпнұсқаға қарағанда басқаша әсер қалдырып, “жанданып” отыр.

Неміс тілінің фразеологизмдерінің мағынасы мен мазмұнын қазақ, орыс және түрік тілдерінде беруде аударманың басқа түрлерін қолдануға келмейтін жағдайда және фразеологизмнің мағыналық-стилистикалық және экспрессивті-эмоционалды мағынасын толық бере алмайтын кезде, оқырманға тұрақты сөз тіркесінің бейнелік негізін жеткізу мақсатында біз көптілді фразеологиялық сөздігімізде калькалау тәсілін қолданатын боламыз. Мысалы,

Berliner Blau — сөзбе-сөз: “Берлин көгі”. Бұл тіркес көк бояудың атауы. Ол бояу Берлинде жасалғандықтан сол қаланың атымен аталып кеткен;

falscher Hase — сөзбе-сөз: “өтірік қоян”. Бұл тұрақты сөз тіркесі “орама” (орысша: рулет) деген мағына береді. Мұндай орама ұзын домаланған формадағы туралған еттен жасалынады. Ол ет бөлігі қоянға ұқсағандықтан тамақтың бұл түрі халық арасында “өтірік қоян” болып аталып кеткен.

Фразеологизмдерді аударуда қолданылатын әдістердің тағы бір түрі — **түйдектелген аударма**. Аударманың бұл түрі фразеологизмнің мағына-

сын салыстырылып/салғастырылып жатқан тілде толық бермеген жағдайларда немесе фразеологизмдер орын мен уақыт жағынан ерекше бір колоритке ие болған сәтте қолданылады. Бұл жерде салыстыру үшін калькалау және аналог екінші тілде беріледі. Егер де ұлттық колоритінен айырылып қалған аналог болса, ол да көрсетіледі. Бұл жөнінде А.В.Кунин ағылшынша-орысша фразеологиялық сөздігінде мынадай мысал келтіреді: Ньюкаслға көмір алып бару — возить уголь в Ньюкасл (бір нәрсені онсыз да көп болған жерге алып бару, салыстырыңыз, ехать в Тулу со своим самоваром).

Аударманың бұл тәсілін біз жеке қарастырмаймыз. Сондықтан да, неміс тілінің фразеологизмінің фразеологиялық мағынасын қазақ, орыс және түрік тілдерінде толық бере алмаған жағдайларда немесе фразеологизмдер орын мен уақыт жағынан ерекше бір колоритке ие болған кездерде біз көптілді фразеологиялық сөздігімізде калькалау немесе түсіндірме беру тәсілдерін қолданамыз.

Қостілді фразеологиялық сөздіктерде **антонимдік аудару** тәсілін кездестіреміз. Аударманың бұл әдісін алғаш А.В.Кунин өзінің сөздігінде пайдаланады. Аударманың бұл түрінде фразеологизмнің ағылшынша варианты болымды түрде, ал орысшасы — болымсыз түрде қолданылады. Мысалы, hold cheer — не дорожить; keep one's head — не терять головы; keep one's head above water — не влезать в долги; keep one's pecker up — не падать духом және т.б.

Неміс тілінің фразеологизмдерін қазақ, орыс және түрік тілдеріндегі баламаларымен салғастыру нәтижесінде төмендегідей антоним баламалар анықталды:

нем. auf der Bärenhaut liegen

каз. қол қусырып отыру

орыс. бить баклуши.

түр. салэнтмамак.

Бұл мысалдан неміс тілінің фразеологизміндегі етістіктің болымды түрде қолданылып жатқанын көреміз. Ал қазақ, орыс және түрік тілдеріндегі баламаларда етістіктер болымсыз түрде қолданылады. Демек, “auf der Bärenhaut liegen” фразеологизмінің қазақ, орыс және түрік тілдеріндегі баламалары А.В.Куниннің анықтамасы бойынша “антоним балама” болып табылады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған фразеологизмнің мағынасын орыс тілінде “лентяйничать” деген етістікпен және “бить баклуши” деген аналог тұрақты сөз тіркесімен де беруге болады.

Тағы бір мысал келтірейік:

Неміс тіліндегі “**baden gehen**” фразеологизмін алсақ, оның мағынасы:

каз.: орындалмау, іске аспау, жолы болмау

орыс.: не удаваться, терпеть неудачу, срываться, рушиться.

түр.: sonuç vermemek, elden gelmemek, başağə kazanmamaк, kormaк, düçmek.

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, неміс тіліндегі фразеологизм болымды түрде қолданылып отыр. Бірақ, қазақ тіліндегі үш етістікте болымсыз түрде — қарама қарсы формада қолданылып тұр. Тіл-тілдегі баламаларды зерттеу барысында олардың барлығы да антоним болып келе бермейтінін байқадық. Мысалы, жоғарыда берілген фразеологизмнің орыс тіліндегі кейбір баламалар антоним болып (не удаваться, терпеть неудачу) келсе, кейбіреулері — ұқсас (мыс. срываться, рушиться — болымды) түрде және бірдей формада келеді. Дәл осындай жағдайды түрік тіліндегі баламалардан да байқауға болады: sonuç vermemek, elden gelmemek, başağə kazanmamaк — бұл сөз тіркестерінің етістіктері болымсыз түрде қолданылса, kormaк, düçmek етістіктері болымды түрде тұр. Дегенмен, түрік тіліндегі sonuç vermemek, elden gelmemek, başağə kazanmamaк тіркестерін тұрақты сөз тіркестері ретінде қабылдауға болады. Себебі, түрік тілінде sonuç vermek — “нәтиже беру”, elden gelmek — “бірнәрсе істей алу”, “қолынан келу”, başağə kazanmamaк — “жетістікке жету” сияқты мағыналар беретін тұрақты сөз тіркестері бар. Ал, жоғарыдағы мысалдарда біз осы тіркестердің болымсыз түрлерін көріп отырмыз.

Аударма — сөйлеу коммуникациясының ерекше бір түрі болып табылады. Аударма мәселесі кешенді сипатқа ие және ол тіларалық қатынас ретінде ғана емес, мәдениаралық байланыс ретінде де қарастырумен байланысты. Аударма жасау барысында біз екі түрлі тілдік жүйемен, екі түрлі мәдениетпен кездесеміз. Аударма үдерісі тек тілдің шегараларын ғана емес, ол мәдениет шегараларын да кесіп өтеді. Сондықтан мәтіннің негізіндегі пресуппозициялар мен импликациялар тіл сыртындағы контекстке тереңдеп үңілуді талап етеді [7,92].

Аударма теориясында “коммуникативтік эффект” ұғымы қолданылады. Коммуникативтік эффект — бұл “... белгілі коммуникативтік мақсатқа сәйкес келетін коммуникативтік акттың нәтижесі. Ол нәтиже мазмұнды мәліметті түсіну, мәтіннің эмотивтік, экспрессивтік, еріктілікті білдіретін және т.б. аспектілер болуы мүмкін.

Коммуникативтік интенция мен коммуникативтік эффект сәйкес келмейінше қарым-қатынас болмайды” [7.92].

Коммуникативтік эффектке жетуде тілдік тұрғыдан елтану (немесе — лингвоелтану) маңызды рөл ойнайды. Ол мәтінді адекватты түрде түсінуге көмектеседі. Бұл жайында Г.Д.Томахин мен Б.Н.Фомин былай деп жазады: “Тілдік тұрғыдан елтану басқа міндеттердің арасында фразеологиялық мәселелердің ең негізгі міндеттерінің бірін шешумен қамтамасыз етеді. Ол — түсіну. Сондықтан да ол лингводидактиканың осы бағытында ғана емес, аударманың да лингвистикалық негізі ретінде қолданылады” [6,261].

Аударма жасау барысында аударманың дұрыс тәсілін таңдаумен ғана шектелмей, фразеологизмдердің сипаттық ерекшеліктеріне де көңіл аудару керек. Мысалы, фразеологизмдер бейнелі және бейнесіз болып келуі мүмкін. Бейнесіз фразеологизмдер әдетте эквиваленттермен аударылады. Бұларды аударуда қиындықтар көп кездеспейді және калькалау тәсілі жиі қолданылмайды. Бейнелі фразеологизмдерді аудару біраз қиындықтарға әкеп соғады. Мұндай фразеологизмдерді аударуда олардың метафоралығын беру немесе бермеу, стилистикалық және коннотативтік белгілерін сақтау немесе сақтамау, мағынасын жоғалтпау үшін бейнені ме, немесе мазмұнды ма құрбан ету мәселелері алға шығады.

Аударма барысында белгілі-бір тәсілді қолдану — фразеологизмнің ұлттық реңкі болу-болмауына да байланысты. Колоритті сақтау мәселесі реалияларды берумен байланысты нақтырақ зерттелген. Бірақ фразеологияда бұл мәселе басқаша қарастырылады. Себебі, көпшілік фразеологизмдер ұлттық реңкке бай және, Я.И.Рецкердің сөзімен айтқанда, стильдік тұрғыдан — бейтарап. Халықаралық фразеологизмдер тілде сирек кездеседі, ал кірме фразеологизмдер болса қажет колоритке ие болған.

Ұлттық колорит 1) бір компоненттің ерекше реңкінен (реалия, зат есім) немесе 2) белгілі-бір халықтың ұлттық өзгешеліктеріне қатысты фразеологизмнің өзінен байқалуы мүмкін. Реалия (және зат есім) фразеологизмнің әр компоненті сияқты, компоненттердің арасындағы байланыс қаншалықты тығыз болса, (бүкіл фразеологизмнің тіркесу дәрежесі қаншалықты жоғары болса), соншалықты өз мағынасын жоғалта береді. Дегенмен, реалиялар мағынасын толығымен жоғалтқан жағдайдың өзінде колоритінің барлығын сақтап қалмаса да, қандай да бір бөлігін жоғалтпайды [2,29].

Міне осындай сипаттан оларды аударудың қиыншылықтарын көруге болады: ұлттық колоритті беретін фразеологизмдердің тура баламаларын табу мүмкін емес, себебі, балама түпнұсқаның ұлттық реңкін қоса, барлық көрсеткіштеріне барабар болады.

Г.Д.Мальцеваның пікірінше, тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі тек жалпыәдеби (общелитературная) фразеологияда ғана емес, сонымен қатар, функциональды-таңбалы (функционально-маркированная) фразеологияда да байқалады. Жалпыәдеби фразеологизмдер ғылыми-техникалық, экономикалық және т.б. мәтіндерде де қолданылады. Белгілі бір фразеологизмнің имплициттік мағынасын тану, оны аударма мәтнінде көрсету үшін түпнұсқа мәтінге терең үңілуді ұсынады. Ал ол — аудармашының екінші тілдің тілдік бірліктерінің ұлттық-мәдени ерекшелігін ескеруіне байланысты болады. Сондықтан да, сондай ерекшеліктерді ескермеген жағдайда елтанулық сипаты бар фразеологизмдерді аудару кезінде қателіктер орын алуы мүмкін. Ұлттық мәдениеттердің сәйкеспеуі, аудармашының бедерлі (фоновый) білімінің болмауы — мәдениетаралық қатынас кезінде толық түсінушілікке жетудің негізгі қиыншылықтарының келіп шығуына себеп болады [5,7].

С.Влахов пен С.Флорин “... фразеологизмдердің сөздіктегі аудармасына толық жету мүмкіншіліктері негізгі тіл мен екінші тілдің бірліктерінің арасындағы ара қатынасына байланысты”, — деп тұжырымдайды. Дәлірек айтқанда:

1) Фразеологизмнің екінші тілде нақты, контекстке тәуелді емес толық сәйкестігі (мағына + коннотация) болады: негізгі тілдің фразеологизмі екінші тілдегі эквивалентпен барабар;

2) Негізгі тілдің фразеологизмін екінші тілге (не анау, не мынау) бір сәйкестікпен (әдетте, толық аудармадан біраз алшақтаумен) беру: негізгі тілдің фразеологизмі екінші тілдегі вариантпен (аналогпен) барабар;

3) Негізгі тілдің фразеологизмінің екінші тілде эквиваленті жоқ, сөздік тәртіппен аударуға келмейді: негізгі тілдің фразеологизмі екінші тілдің фразеологизміне барабар емес, аударма басқа бір — фразеологиялық емес амалдармен жасалады.

Жоғарыда сөз болған фразеологизмдерді аудару тәсілдерінен басқа төмендегідей түрлерін қолданамыз:

Сөзбе-сөз аудару тәсілі. Аударманың мұндай түрін қолдануымыздың бірнеше себептері бар.

Біріншіден, оқырманға неміс тіліндегі нақты бір фразеологизмнің қандай сөздерден құрылғанын көрсету болса, екіншіден, сол сөздер қандай мағынада (тура мағынада ма, әлде ауыспалы мағынада ма, мүмкін бір сөз тура, қалғандары ауыспалы мағынада, немесе керісінше, бір сөз ауыспалы, ал қалған сөздер тура мағынада) қолданылатыны жайында хабар беруге тырыстық.

Сонымен қатар, тілде кейбір реалияларды білдіретін фразеологизмдер де кездесіп жатады. Ондай реалиялар бір халықта болса, екінші бір халықта болмауы әбден мүмкін. Сондай, бір халыққа ғана тән реалиялардың мағынасын екінші бір халықтың тілінде түсіндіру үшін тура аударма жасау немесе калькалау тәсілін қолданамыз. Кейбір тіл мамандары “мұндай тәсіл фразеологизмдердің мағынасын жоғалтады, оларды түсініксіз етеді, ойды бұзып жібереді, т.с.с.” – деген пікірлер айтады [1].

Толық баламамен аудару тәсілі. Толық баламалар деп біз неміс тілі мен салыстырылып жатқан тілдердің фразеологизмдерінің мағынасы, коммуникативтік құрамы, бейнелілігі, грамматикалық құрылысы және стилистикалық реңкі бірдей сәйкес келген бірліктерді айтамыз. Мысалы,

неміс тілінде: *die Augen schliessen*;

қазақ тілінде: *көз жұму*;

орыс тілінде: *закрывать глаза* (навеки);

түрік тілінде: *göz uymmak*.

Бұл фразеологизмдер бірдей мағына беріп, компоненттік құрамы мен беріп жатқан бейнесі де тура сәйкес келеді. Салыстырыңыз:

нем.	қаз.	орыс.	түр.
<i>die Augen</i>	көз	глаза	<i>göz</i>
<i>schliessen</i>	жұму	закрывать	<i>uymmak</i>

Көріп отырғанымыздай, мұнда абсолютті сәйкестіктер қолданылуда. Демек, бұл фразеологизмдер толық баламалар болып саналады.

Жартылай баламамен аудару тәсілі – деп неміс тілінің тұрақты сөз тіркестерімен фразеологиялық мағынасы жағынан және стилистикалық түрлері сәйкес келетін, бірақ лексикалық тұрғыдан біраз өзгерістері бар, сондықтан да бейне бір-бірінен сәл ауытқитын қазақ, орыс және түрік тілдерінің фразеологизмдерін айтамыз. Мысалы, нем. *die Lippen hängenlassen*;

каз. аузы бұлтию;

орыс. надуть губы (обидеться);

түр. *ağızı buğulmak*.

Бұл мысалдардан тіл-тілдегі фразеологизмдердің етістіктерінде айырмашылықтар бар. Салыстырыңыз:

каз. бұлтию,

нем. *hängenlassen* – “асулы қалдыру, ілулі қалдыру, салбырау”;

орыс. надуть – “ісіндіру, керу”;

түр. *buğulmak* – “ширату, орау”.

Сонымен, бұл мысалдардан қазақ және түрік халықтарында ренжіген кезде “ауыздарын бұлти-ту” бейнесі суреттелсе, неміс және орыс халықтары “еріндерін салбырататынын немесе керетінін” байқаймыз.

Лексикалық баламамен аудару тәсілі. Эквиваленттердің басқа түрін қолдана алмайтын кезде лексикалық баламаларды қолданамыз. Лексикалық баламалар деп неміс тілінің фразеологизмін тек бір сөзбен, бір-ақ лексикамен көрсеткен жағдайдағы эквивалентті айтамыз. Мысалы, неміс тілінің “*einen einziehen*” тұрақты сөз тіркесін қазақ тілінде бір-ақ сөзбен – “ұйықтау”, орыс тілінде – “спать”, түрік тілінде – “уумак” деп аударамыз. Осы сынды басқа да мысалдарды кездестіруге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Владимирова Н.В. Бадий асар таржимасида миллий хусусиятни сақлаш масаласи // Шарқ юлдузи. 1957. 6. сон.
2. Влахов С. Реалия как компонент фразеологизма. Болг. русистика. М., 1976, № 3. С. 25-29.
3. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. М., 1988. С. 193.
4. Катцер Ю.М., Кунин А.В. Письменный перевод с русского языка на английский. М., С. 96.
5. Мальцева Д.Г. Немецко-русский фразеологический словарь / Лингвострановедческий аспект. М., 1993. С. 7.
6. Томахин Г.Д., Фомин Б.Н. Проблематика сопоставительного лингвострановедения. Научные традиции и новые направления в преподавании русского языка и литературы: Докл. VI конгресса МАПРЯЛ. М., 1986. С. 252-261.
7. Швейцер А.Д. Теория перевода, Статус, проблемы, аспекты. М., 1988. С. 92.
8. Dubrovin M., Schenk W. Russische idiomatische Redewendungen (Эллистриert), Moskau, 1979. P. 29.
9. Permjakow G.L. 300 allgemeingebrauchliche russische Sprichwörter und sprichwortige Redensarten. Leipzig, 1985. P. 76.